



Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 13 маусым N 77-ө. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.09.02. N 132 өкімімен. ~R020132

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы арасында міндеттерді бөлу бекітілсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2002 жылғы 13 маусымдағы
N 77 өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі,
Премьер-Министрінің орынбасарлары және Премьер-Министрі
Кеңесінің Басшысы арасында
МІНДЕТТЕРДІ БӨЛУ

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
И.Н.Тасмағамбетов

Үкіметтің қызметіне басшылық жасау.

Қазақстан Республикасының Президентімен, сондай-ақ Парламентпен, Конституциялық Кеңеспен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да конституциялық органдармен қатынастарда Үкіметтің атынан өкілдік ету.

Мемлекетаралық қатынастар мен халықаралық ынтымақтастық мәселелері.

Үкіметтің заң шығару қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді ажырату және бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияға, Республикалық бюджет комиссиясына басшылық жасау.

Қорғаныс, шетелдік инвестицияларды тарту, экспорттық бақылау,

мәдениетті дамыту, ұлттаралық қатынастар, мемлекеттік материалдық резервтер, төтенше жағдайлар мәселелері.

Үкіметтің кадр мәселелері.

Сыртқы істер министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің, Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі агенттіктің, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылау.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары

К.Қ.Мәсімов

Экономиканы жедел басқару, аймақтық саясат, жұмылдыру жұмысының мәселелері.

Мемлекеттік органдардың өндірістік сала мен инфрақұрылымды (өнеркәсіпті, құрылысты, шағын және орта кәсіпкерлікті, көлік пен коммуникацияларды, энергетика секторы мен кен-металлургия кешенін) дамыту мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері.

Геология, жер қойнауын пайдалану және жер қойнауын сақтау мәселелері.

"Байқоңыр" ғарыш айлағының мәселелері.

ТМД елдерімен және олардың ықпалдастық бірлестіктерімен өзара қатынастарды үйлестіру.

Астана қаласы жаңа орталығының құрылысын салу жөніндегі мемлекеттік комиссияға басшылық жасау.

Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің, Көлік және коммуникациялар министрлігінің, Экономика және сауда министрлігінің (өнеркәсіпті дамыту мәселелері бойынша), Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттіктің (шағын бизнес мәселелері бойынша) қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары

Б.Ә.Мұхаметжанов

Құқық қорғау органдарының қызметін үйлестіру.

Мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді ажырату мәселелері.

Мемлекеттік органдардың әлеуметтік саланы дамыту, білім беру, ғылым, денсаулық сақтау, спорт пен туризм мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Көші-қон және демографиялық саясат, әлеуметтік әріптестік мәселелері.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның мәселелері.

Қазақстан Республикасында Денсаулық жылын өткізу жөніндегі мемлекеттік комиссияға, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңеске басшылық жасау.

Ішкі істер министрлігінің, Әділет министрлігінің, Білім және ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау министрлігінің, Қаржы полициясы агенттігінің, Көші-қон және демография жөніндегі агенттіктің, Туризм және спорт жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

А.С.Есімов

Мемлекеттік органдардың ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасын

іске асыру мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

Экология, табиғи ресурстарды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау, жер және су қатынастарының мәселелері.

Ауылдық аумақтарды дамыту, ішкі көші-қон мәселелері.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің қызметіне басшылық жасау.

Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің, Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

А.С.Павлов

Экономикалық даму, қаржы, салық және тариф саясаты, бюджетаралық қатынастарды жетілдіру мәселелері.

Үкіметтің Ұлттық Банкпен, халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Экономикалық саясат жөніндегі кеңестің жұмысына басшылық жасау.

Қазақстанның Даму Банкінің қызметін үйлестіру.
Қаржы министрлігінің қызметіне басшылық жасау.

Мемлекеттік кіріс министрлігінің, Экономика және сауда министрлігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің, Статистика жөніндегі агенттіктің, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттіктің (тариф саясаты бөлігінде) қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы
А . А . Т і л е у б е р д и н

Үкіметтің шешімдерін дайындау және олардың орындалуын ұйымдастыру, мемлекеттік және орындаушылық тәртіпті қамтамасыз ету бөлігінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ведомстволардың қызметін үйлестіру.

Үкіметтің кадр саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру.

Үкіметтің аймақтық саясатын іске асыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, Үкіметтің облыстар әкімдерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Премьер-Министр Кеңесінің Президент Әкімшілігімен және Парламент палаталарының аппараттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Мемлекеттік құпияларды қорғау мәселелері.

Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттіктің қызметін жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.